

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
медициналық және  
фармацевтикалық қызметті  
бақылау комитеті Төрағасының

30-ші жылғы "12" 08

№ 5490 бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН



Дәрілік заттың медицинада қолданылуы  
жөніндегі нұсқаулық

## КАМЕФЛЮ

### Саудалық атауы

Камефлю

### Халықаралық патенттелмеген атауы

Жок

### Дәрілік түрі

30 г аэрозоль

### Құрамы

30 г (1 баллонның) ішінде

*белсенді заттар:* хлоробутанолгидрат  
(100 % сусыз затқа шаққанда) 0,1 г  
камфора рацемиялық 0,1 г  
ментол 0,1 г,

*қосымша заттар:* эвкалипт майы, изопропилмиристат, хладон 134а.

### Сипаттамасы

Баллоннан шыққанда өзіне тән хош иісі бар дисперсиялық ағын түзетін және қақпағының дозалағыш әсері бар қысым астында баллонда болатын мөлдір түссіз сұйықтық.

### Фармакотерапиялық тобы

Тамақ ауруларын емдеуге арналған препараттар. Антисептиктер. Басқа да препараттар.

АТХ коды R02A A20.

### Фармакологиялық қасиеттері

*Фармакокинетикасы*

Камефлю жергілікті қолдану үшін арналған және ең алдымен қабыну ошағында емдік концентрация түзеді. Тек хлоробутанолгидрат және камфора ғана жүйелі қан ағысына баяу және аздаған мөлшерде сіңеді, ол қан плазмасы ақуыздарымен қайтымды байланысады. Биоөзгерісі кезінде глюкуронидтер түзіледі, сол түрде бүйрек арқылы шығарылады.

#### **Фармакодинамикасы**

Камефлю микробтарға қарсы, қабынуға қарсы және аздап жергілікті жансыздандыратын әсер береді, науқастың тыныс алуының қалпына келуіне, қантамырлардың тарылуын, сондай-ақ зақымданған жердің ісінуін және қан ұюын азайтуға ықпал етеді. Көрсетілген фармакологиялық қасиеттерінің үйлесуі жоғарғы тыныс алу жолдарының қабыну ауруларын кешенді патогенетикалық еммен қамтамасыз етеді. Камефлю организмге улыцерогенді және жалпы уытты әсер етпейді.

#### **Қолданылуы**

Мұрын қуысы, жұтқыншақ және көмейдің асқыну сатысындағы жедел және созылмалы ауруларында:

- тонзиллитте
- фарингитте
- ларингитте
- ринитте
- ларинготрахеитте

#### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Мұрын қуысы, жұтқыншақ және көмей аурулары кезінде аэрозольді мұрын қуысына (0,5 см тереңдікте) немесе ауыз қуысына бүріккішті қатты баса отырып бүрку керек.

Ересектерде бір рет қолдану 2-3 бүрку арқылы іске асады;

5-тен 12 жасқа дейінгі балаларда – 1 бүркуден,

12-ден 15 жасқа дейінгі балаларда – 1-2 бүркуден.

Қолдану жиілігі тәулігіне 3-4 ретті құрайды.

Емдеу курсы 3-7 күнді құрайды (емдік әсер алғанға дейін) 10 күннен аспау керек.

#### **Жағымсыз әсерлері**

- аллергиялық реакциялар (терідегі бөртпе, қышыну, препаратпен жанасқан орынның ісінуі)

#### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- 5 жасқа дейінгі балалар
- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық

## **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Белгісіз.

### **Айрықша нұсқаулар**

Препаратты қолданар алдында аллергияға бейім адамдар міндетті түрде дәрігерден кеңес алулары керек.

*Жүктілік және лактация кезеңі*

Жүкті әйелдер және бала емізіп жүрген әйелдер үшін қолдану тәсілі мен дозаларында ересектерге арналғандарынан айырмашылығы жоқ.

*Дәрілік заттың көлік құралдарын немесе қауіпті деп саналатын механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшелігі*

Автокөлікті немесе басқа механизмдерді басқару кезінде реакция жылдамдығына әсер етуі туралы деректер жоқ.

### **Артық дозалануы**

*Симптомдары:* терідегі бөртпе, қышыну, препаратпен жанасқан орындағы ісінулер түріндегі аллергиялық реакциялар.

*Емі:* белгісіне қарай емдеу.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

Дозалағыш әсер ететін клапаны бар ішкі фенольді-эпоксидті қорғаныш жабыны бар моноблокты алюминий аэрозоль баллондарда 30 г-ден. Әр баллон мұрынға арналған бүріккіш және қорғаушы қалпағымен жабықталуы керек.

Әр баллон бүріккішімен, қорғаушы қалпағымен және мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған пәшкеге салынады.

40 пәшке баллон, бүріккіштері, қорғаушы қалпақтары және мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықпен бірге гоптамалық ыдыста.

### **Сақтау шарттары**

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептісіз

### **Өндіруші**

«Микрофарм» ЖШҚ, Украина, 61013, Харьков қ-сы, Шевченко к-сі, 20.

Тіркеу қуәлігінің иесі  
«Микрофарм» ЖШҚ, Украина

*Тұтынушылардан өнім (тауар) сапасы жөніндегі шағымдарды  
Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның  
мекенжайы:*

Украина, 61013, Харьков қ-сы, Шевченко к-сі, 20.

Телефон нөмірі (057) 71-40-371

Факс нөмірі (057) 71-40-371

Электронды поштасы [mfopt@rambler.ru](mailto:mfopt@rambler.ru)